

«Қаралды»

Педагогикалық кеңес № 7

« 31 » тамыз 2023 жыл

«Бекітілді»

№ 51 гимназия директоры

С.Ж. Дарибаева



«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асырудағы № 51 гимназия КММ-нің тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған

КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ



Ақтөбе 2023ж.

№ 51 гимназия тәрбие жұмысының мақсат міндеттері:

Мақсаты: «Оқушылардың тұлғалық жеке қасиеттерін (қарым-қатынас мәдениетін) рухани құндылықтарын дамытуда Абайдың «Толық адам» ілімін жүйелі пайдалана отырып, мәдениеті дамыған, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалана білетін жан-жақты тұлға тәрбиелеу»

Міндеттері:

- Жаһандану қоғамында өмір сүруге қабілетті, ұлттық құндылықтарды меңгерген азамат болып дамуына ықпал ету.
- Рухани адамгершілік сезімі мол, мейірімді, иманды, кешірімшіл тұлға болып қалыптаусына ықпал ету;
- Әр тұлғаның саналы қарым-қатынас мәдениетінің, көшбасшылық қасиеттерінің дамуына ықпал ету;
- Салауатты өмір салтын ұстануға үйрету және заманауи қоғамда ұялы телефонды, ақпараттық технологияларды пайдалана білу мәдениетінің дамуына ықпал ету.

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының сараптамалық талдауы

Тәрбие жұмысы Білім және ғылым Министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы 15 тамыз № 252 бұйрығын негізге ала отырып гимназияның тәрбие жұмысының жоспары құрылып, бағыттарға сәйкес жүйелі жұмыстар жүргізілді.

➤ 2022-2023 оқу жылында жүргізілен жобалар:

- «Дебат» қозғалысы;
- «Оқуға құштар мектеп»
- «Отбасы-мектеп»
- «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- «Дәстүр мен ғұрып»;
- «Еңбек – елдің мұраты»;
- «Үнем – қоғам қуат»;
- «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет»;
- «Қоғамға қызмет»;
- «Музей сабақтары»;
- «Театр сабақтары»;
- «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру»

Гимназияның тәрбие жұмысының проблемасы: Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің жанаша әдіс - тәсілдерінің тиімділігін арттыра отырып, заман талабына сай оқушының қарым-қатынас мәдениетінің және алған білімдерін, тәрбиесін өмірде пайдалана білу дағдысын қалыптастыру.

Мақсаты:

Жаңартылған білім беру аясында педагогтардың кәсіби шеберлігін пайдалану арқылы оқушылардың қажеттілігін ескере отырып, өмірге бейімделулеріне ықпал ету және шынайы өмірге жеке тұлға ретінде дайындау.

Міндеттері:

- жаһандану қоғамында өмір сүруге қабілетті ұлттық құндылықтарды меңгерген азамат болып дамуына ықпал ету;
- күнделікті оқушы мен мұғалім, оқушы мен оқушы арасындағы мәдени қарым-қатынасты арттыруға ықпал ету;
- оқушылардың жас ерекшеліктері мен ерекше қабілеттерін ескере отырып, оқушылардың тәрбиелі, рухани сезімі мол, мейірімді, иманды, қайырымды, кешірімді тұлға болып қалыптасуына ықпал ету;
- оқушының тәрбиелік деңгейін арттыруда мұғалім, ата – ана, оқушы арасындағы байланысты нығайту;
- салауаттылыққа құштар болуға және ақпараттық технологиялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету;

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.

Жаңа қоғамда өмір сүруге қабілетті құқықтық саналы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті қалыптасқан, елін, жерін, тілін қастерлей алатын патриот азамат тәрбиелеу мақсатында төмендегідей шаралар ұйымдастырылып өткізілді:

1-қыркүйекте Білім күніне орай 1-11 кластарға «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» салтанатты жиыны өткізілді. Мемлекет басшысы К.К.Тоқаевтың 2022 жылдың 1-қыркүйегінде өткен «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қазақстан халқына жолдауымен 9-11класс оқушылары таныстырылды.

Ішкі істер министрі полиция генерал-лейтенаты М.М. Ахметжановтың нұсқауына сәйкес Ақтөбе облысы Департаментінің бастығы полиция полковнигі А.К.Жусупов және тергеу басқармасының орынбасары полиция подполковнигі Н.Н.Сұлтанов жоғары класс оқушыларымен кездесіп, жасөспірім қауіпсіздігінің алдын алу және қоғамдағы ең өзекті қауіпті жағдайлар туралы ескертіп, әңгіме-сұхбат жүргізді. «Құқықтық мәдениет» жобасы аясында құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы өткізілді.

«Құқықтық сана-қауымға пана» Республикалық жоба аясында «Парламент» өзін-өзі басқару ұйымының жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Жасөспірімдер арасында зиянды заттарды қолданудың алдын алу» тақырыбында Ақтөбе облысы полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бөлім бастығы полиция полковнигі А.К.Асқаровпен 9-11 класс оқушылары кездесу ұйымдастырды.

6-класс оқушылар арасында «Құқықтық сауаттылық- заман талабы» сайыс сабағы, «Адалдықты мұра етіп, әділдікті үндейік» қалалық дебат турнирі өткізілді.

ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік-кемел келешектің кілті» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Тарих бірлестігінің ұйымдастыруымен А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «Кемеңгер қоғам қайраткерінің тағылымы» шарасы ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйе, патриоттық сезімдерін ояту мақсатында ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткізілді. 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай 6 кластар арасында «Жігіт сұлтаны-2023» байқауы өткізілді. 2022-2023 оқу жылына құқықтық тәрбие мен құқықбұзушылықтың алдын-алу кеңесінің жоспары құрылып, жоспардағы шаралар уақытылы ұйымдастырылды. Гимназия бойынша оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмысының тізбегі жасалынды, сол тізбек негізінде класс жетекшілер өз кластарындағы оқушылармен жеке жұмыстар жүргізді. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының нәтижесінде соңғы үш жылда қылмыс жасаған оқушылар тіркелген жоқ. Ақтөбе қаласы Сазды ішкі істер бөлімінің жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекторымен бірігіп, «Абайлап жүр, балақай» «Жол қозғалысының жас инспекторларының» жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық санасының деңгейін арттыру, құқықтық мінез-құлық дағдыларын қалыптасыру мақсатында "Құқықтық сана-қоғамға пана» жобасы аясында 1-8 кластар арасында «Құқықбұзушылықтың алдын алу жолдары», «Бала құқығы-адам құқығы» тақырыбында класс сағаттары өткізілді. 11 класс оқушылары «Қоғамдық ортада өз құқығыңызды білесіз бе?» ата-аналармен дөңгелек үстел ұйымдастырып, «Құқықбұзушылық кезіндегі ата-ана жауапкершілігі» тақырыптары талқыланды. Гимназия инспекторы мен полиция қызметкерлерінің қатысуымен дәрістер оқылды. Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында қоғамдық ұйым ата-аналар университетінің кластар бойынша мүшелері және әкелер кеңесінің мүшелері, тәртіп сақшылар отрядының мүшелері бірлесіп, түнгі рейдтер ұйымдастырды. Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын ұстануға, адамгершілік, имандылыққа үйрету мақсатында, электронды шылымның зияны, денсаулыққа кері әсері туралы «Парламент» өзін-өзі басқару ұйымы «Зиянды заттан аулақ бол» тақырыбында іс-шара ұйымдастырды.

«Офицер-ерлер мамандығы» тақырыбында әскери патриоттық жұмыстар атқару бөлімінің басшысы І.Ш.Кутановпен және курсанттармен кездесу ұйымдастырылып, оқушылардың Офицер мамандығына деген қызығушылықтарын оятты.

Ұлы Жеңіс күніне орай 1-11 кластарда «Ер мен Жердің жеңісі» тақырыбында класс сағаттары, 1-мамыр – Халықаралық Ынтымақтастық күніне орай 5-кластар арасында «Әрқашан күн сөнбесін» тақырыбында асфальтқа сурет салу, бастауыш кластар бойынша «Ынтымақ-достық кепілі» тәрбие сағаттары, 7-10 кластарда бірлік сағаттары өткізілді.

Құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстарының үш жылдық салыстырма талдауы

Атаулары	2020-2021	2021-2022	2022-2023
1.Гимназия бойынша «Тәуекел» топқа тіркелгендер	5	3	3
2.Гимназияішілік тіркеуге алынғандар	1	0	1
3.Ақтөбе қаласы Сазды ІБ КТИ-дегі тіркеудегілер	-	-	-
4. «Сәтсіз отбасы» тіркеудегілер	-	1	-
5.Қылмыстық жауапкершілікке тартылғандар	-	-	-



Жетістіктер: Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты бойынша ұйымдастырылған шаралар жоғары деңгейде өткізілуі, 4 - 7 кластардағы және 8 «Ә», 8 «В», 9 «А», 9 «Г», 10 «Ә», 10 «Б», 10 «В» кластарындағы құқықтық тәрбие мен құқықбұзушылықтың алдыны алу шаралары атақ-анамен байланыс жұмыстары жүйелі ұйымдасқан түрде жүргізілді.

Кемшіліктер: 8 «А», 8 «Б», 9 «Ә», 9 «В», 9 «Д», 10 «А» кластарындағы құқықтық тәрбие мен құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарының жүйелі жүргізілмеуі, ата-анамен байланыс жұмыстарының аздығы.

2. Рухани-танымдық адамгершілік тәрбие

Білім алушылардың рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастыра отырып, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру және оқу сауаттылығын қалыптастыру, жетілдіру мақсатында **«Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасы** жүйелі жүргізілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «Ұлттың ұлы ұстазы», «Абайдың Толық адам тағылымы» танымдық сағаттары ұйымдастырылды. «М.Мақатаев - Қазақ поэзиясының Хан Тәңірі» әдеби музыкалық кеш өткізілді. **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** аясында ұйымдастырылған табиғат аясында суреттер салып, эссе жазу, өлеңдер оқылып, ертегілер еліне саяхат жасады. С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханамен тығыз байланыста болып, бірігіп шаралар жүргізілді. «Оқы және өзгеге сыйла» кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқушылар бір-бірімен оқыған кітаптарымен алмасты.

Дүниежүзілік кітап күніне орай гимназия кітапханасында «Кітап-ғажайып әлем» көрмесі ұйымдастырылып, «Кітапханалық Бинго» әдеби-танымдық ойын сағаттары мен «Кітап оқу сән» оқу сағаттары ұйымдастырылды.

Жақсы істің жемісті болуы оның жүйелі жүзеге асырылуымен «Мектепке жол» дәстүрлі жалпыреспубликалық қайырымдылық акциясы қамқорлық шаралары жасалынды. Қарттар күніне орай «Қарты бар ел-қазыналы ел» тақырыбында мерекелік концерті өткізілді.

2022 жылдың 14 желтоқсанында «Жүрегіңнен мейірім сыйла!» қайырымдылық акциясы аясында 10 класс оқушылары өздерінің игі істерінің ізін сәбилерге қуаныш сыйлаумен жалғастырды. Гимназия ұстаздары, оқушылар және ата-аналар қауымдастығы бірлесіп «Үміт» сәбилер үйіне, сонымен қатар «Жайна» ерекше балалар мектебіне барып қайтты. Бұл ізгі қадам- ата-ананың қамқорлығынсыз қалған қамқөңіл балақайлар мен ерекше балаларға үміт отын жаққан шуақты күн ретінде есте қалмақ. Сонымен қатар, 6 кластар аралығында қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңкенің мақсаты: Оқушылардың мейірімділік, қайырымдылық құндылықтары туралы, қайырымды адам туралы түсініктерін кеңейту және көмекке мұқтаж отбасы оқушыларына қолдау көрсету. Жәрмеңкеге барлық 6-сыныптар толық қатысты. Оқушылар, сынып жетекшілер, ата-аналар белсенділік танытты. Оқушылардың бойынан қайырымдылық, көмек көрсету, белсенділік, ұйымдастырушылық қабілеттері байқалды.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты тағайындау мақсатында жасалған жұмыстардың нәтижесінде гимназия бойынша 47 оқушының отбасы анықталды.

Осы санаттағы анықталған 47 оқушыға қаржылай көмек ұйымдастырылды.

Оның ішінде 5 оқушыға ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, 18 оқушыға атаулы әлеуметтік көмек алатындар, 20 оқушыға күн көрісі төмен отбасынан, 4 оқушыға алқалық шешім бойынша ұсынылып көмек көрсетілді.

Ата-аналардың өтініштері мен құжаттары жинақталып, қаржы (37800 отыз жеті мың сегіз жүз теңге) оқушының оқуға қажетті құралдары мен киімдеріне жұмсалуды қажеттігі ескертілді. Қаржы әр ата-ананың жеке есеп шоттарына түсіріліп, алынған киім мен құрал-жабдықтардың түбіртектері жинақталды.

Жылма-жыл өтетін республикалық «Мектепке жол акциясы» аясында қалалық білім бөлімінен 1 «Д» класс оқушысы Сағынғали Жарасқа 10000 теңге сертификат, 2 «В» класс оқушысы Иманов Нұразиге «Джунгли паркке» сертификат берілді. 1 «Г» класс оқушысы Шынтас Еркінұлына оқу-құралдары, оқу портфелі берілді.

Ата-ана және гимназия ұжымының демеушілігімен 8 оқушыға Майданбаева Айдана, Майданбаев Айдынға 20 000 теңге (жиырма мың теңге) қаржылай көмек, оқу құралдары және мектеп формасы, Назарова Айымға 20 000 (жиырма мың теңге), Хабижанов Исламбекке 20 000 (жиырма мың теңге) және мектеп формасы, Айтпамбетова Іңкәр және Айтамбетова Инабатқа 20000 (жиырма мың теңге), Жарболова Аянатқа 20 000 (жиырма мың теңге) қаржылай көмек және оқу құралдары берілді. Жаңа жыл мерекесіне орай ұстаздар мен ата-аналар атынан 140 білім алушыға жаңа жылдық сыйлықтар және қамқорлықтағы балаларға ақшалай сертификаттар берілді. Ата-ана демеушілігімен қысқы және жазғы аяқ киімдер берілді.

1-наурыз алғыс айту күніне орай «Барша жанға мейірім-шапағаты төгілсін» видео челленджі өтті.

Жетістіктер:

2022-2023 оқу жылында ЖББ қорынан және қайырымдылық акциялары кезінде АСП алатын және аз қамтылған отбасы, қамқорлықтағы балаларға көмек көрсетілді.

Қайырымдылық акциялар кезінде «Игі жүрек» еріктілер клубының мүшелері игі істерде өз үлестерін қосып отырды.

«Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасы аясында жоспарланған жұмыстар жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Кемшіліктер:

«Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасы жұмыстар аясында әдістемелік нұсқаулықта берілеген 20 минуттық үзілісте кітап оқу ұйымдастыруды дұрыс жолға қою. Кітаптарды электронды форматта, мобильді құрылғылардың көмегімен оқу мүмкіндіктерін кеңейту.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында демеушілік жұмыстарды жандандыру. Класс жетекшілердің өз кластарындағы оқушылардың жағдайын ерекше назарда ұстап, қайырымдылық акцияларына кәсіпкер ата-аналарды тарту жолдарын қарастыру.

3. Ұлттық тәрбие

Ұлттық бірегейлікті сақтауда қанымызға сіңіп, тұрмысымызға айналған салт-дәстүрдің маңызы жоғары. Рухани құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, сабақтасуы мәңгілік ел болудың негізін қалыптастыру. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында «Дәстүр мен ғұрып» арнайы жобасы жүзеге асырылды. Осы бағытта мектебімізде жұмыстар қарқынды жүргізілді. «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Шеберлер қаласы: ата-бабаларымыздың мұрасын сақтаймыз және көбейтеміз», «Ата-баба дәстүрі-ұрпаққа өнеге» тақырыбында танымдық сағаттары ұйымдастырылды. Дене шынықтыру пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында «Жігерлі ұлт» ұлттық ойындар эстафетасы өткізілді. Өткізілген шаралардан бейнероликтер жасалынып, жарияланды. Осы ұмытылып бара жатқан салт – дәстүрлердің барлығы жан – жақты атқарылып, оқушы бойына жүйелі түрде жеткізілді. Туған ана тілін сүйіп, тілді құрметтеуге, сүйеге баулу мақсатында «Тілім менің – тірегім» тақырыбында 4 кластардың ұйымдастырылуымен мерекелік шара өткізілді.

Ата-бабаларымыздың дәстүрін жалғастыру, ұлттық тәрбие беру мақсатында «Жәдігерлер жерде қалмасын» акциясы ұйымдастырылып, гимназия мұражайына құнды жәдігерлер табысталды.

Наурыз мерекесіне орай «Екі Езу» театрының ұйымдастыруымен ұлттық құндылықтарды дәріптейтін мәдени шара өткізілді. Оқушылар шара барысында «Наурызгүл» атты қойылым тамашалады.

Оқушыларға «Екі апта ауылда» жазғы демалыс кезіне тапсырма берілді.

Жетістіктер: «Жәдігерлер жерде қалмасын» акциясына ұстаздар мен ата-аналар тарапынан өте жоғары деңгейде белсенділік танытылды. «Аталар батасы» салт-дәстүрлерін қайта жаңартып, класта өткізілген шараларға аталар қатысып, тағылымы мол көріністер көрсетілді.

Кемшіліктер: білім алушыларды киелі өңірлерге апару жұмыстары болмады.

4.Отбасы тәрбиесі (ата-аналармен жұмыс).

Тәрбие жұмысында орта білім беру ұйымдарында мектеп пен ата-аналардың өзара байланысын ұйымдастыру жаңа форматта болды. Осы форматты жүзеге асыру барысында ата-аналармен жұмыс жеке, топтық, ұжымдық форматта жүзеге асырылды. Ата-аналар жиналысы бұрынғыдай белгіленген тақырып бойынша емес, әр кластың өз ерекшеліктеріне орай форматын класс жетекшілер өздері тағайындады.

2022-23 оқу жылында «Отбасы-мектеп жобасы» аясында «Мектептегі бір күн» ата-аналарға арналған жұмыстар 5 кластар бойынша ұйымдастырылды. «Отбасы құндылығы-сарқылмас қазынам» тақырыбында 5 «Е» класс жетекшісі Әжібаева Айнұр Қайроллақызы өте жоғары деңгейде өткізді. «Бақытты ана-бақытты бала-бақытты ел» тақырыбында бастауыш кластарда, орта буында «Отбасы және бала тәрбиесі» тақырыпта, 9-11 класта «Бала тәрбиесі-отбасы мен мектептің ажырамас бөлігі» тақырыбында ата-аналарға арналған шаралар өткізілді.

15 қыркүйек «Отбасы күніне» орай «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында гимназия психологтары ата-аналармен отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті туралы түсінік беріп, бақытты жанұяның моделін дайындады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Біз отбасымызбен бірге кітап оқимыз» марафоны мектеп бойынша жыл бойына жүргізіліп келеді.

Қараша айында Парламент мүшесі 9 «В» класс оқушысы әкесімен бірлесіп Мұратова Алтынай «Жасөспірімдер арасында зиянды заттарды қолданудың алдын алу» тақырыбында 9-11 кластар арасында ұлдарға арналған шара ұйымдастырып өткізді.

Екінші жартыжылдықта тәрбие шаралары апталықтармен бірлесе отырып өткізілді. Бастауыш кластар апталығында «Отбасы құндылығы-сарқылмас қазына» тақырыбында облыстық аналар кеңесінің төрайымы, аналар кеңесінің мүшелерімен және гимназия әже, аналарымен бірлескен шара ұйымдастырылды. Эстетика бірлестігінің апталағы уақытында «Ұлтынды ойласаң-рухты ұл тәрбиеле» тақырыбындаер бала тәрбиесіндегі әкенің ролін арттыру мақсатында шара өтті.

Дене шынықтыру бірлестігінің апталығы уақытында эстафеталық сайыстар аналармен бірлесе өткізілді.

Ата-аналармен бірлесе шаралар 1 «Г» класында, 3 Г» және 7 «Б» кластарында ұйымдастырылды.

Ата-аналар жиналыстарына жасөспірімдер инспекторы, учаскелік инспекторлар және салауатты өмір салты орталығының мамандары, сонымен қатар соңғы жиналыстарда еңбекке орналасуға байланысты лицей, колледж ұстаздары қатыстырылып ата-аналарға кеңестер берілді.

«Отбасы - мектеп» жобасы аясында «Еліне елеулі жандар» ата-аналардың жұмыс орнының репортаж сайысы, «Мен отбасыммен кітап оқимын» отбасылық оқырмандар шарасы өткізілді. 15сәуір Халықаралық отбасы күніне орай гимназияда ата-ана, ұстаздар мен білім алушылардың қатысуымен «Отбасы-алтын дінгек» тақырыбында облыстық іс-шара өтті. Шараға әкелер, аналар, эксперт мұғалімдер және оқушылар қатысты. Сонымен қатар, 2 класс оқушылары «Менің отбасым» тақырыбында суреттер салды.

Ер бала тәрбиесіндегі әкенің ролін арттыру, әке мен баланың ынтымақтастығын нығайту, ер балалардың бойында сабыр салмақтылықты, жігерлік қасиеттерін дамыту, сонымен қатар ер балалардың ұлттық салт-дәстүрімізге деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Ұлтынды ойласаң-рухты ұл тәрбиеле» тақырыбында әкелер мен оқушылар бірлескен байқау өткізілді.

Жетістіктер: 2022-2023 оқу жылында ата-аналардың мектеппен байланысы, шараларға қатысымы жоғары деңгейде болды, жоспарланған шаралар жоғары деңгейде өткізілді.

Кемшіліктер: Әкелер, аналар клубының жұмыстарын әлі де жандандыру.

5. Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие

Бұл бағыт бойынша оқушыларға өзін қоршаған ортаны түсінуге, оған өзінің қатыстылығын саналы сезінуге, өзінің өмірлік ұстанымын анықтай алуға үйрету мақсатында бірнеше жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың өзін-өзі дамыту мақсатында оқу жылы бойынша кластарда кластан тыс шаралар, пәндер бойынша өткізілген апталықтарда баланың ақыл-ойын дамыту барысында әртүрлі интеллектуалдық бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылды. Сонымен қатар мектепте дарынды балалармен жұмыс жүйелі жолға қойылды, жылма-жыл дарынды оқушылар қалалық олимпиадаларға, қалалық өткізілген іс-шараларға, кіші ғылыми академиясына, облыстық, халықаралық ғылыми жоба қорғауларға қатыстырылып жүлделі орындар иеленді. Оқушыларға жағымды көңіл-күй сыйлау, тапқырлық, ұшқыр қиял арқылы әзіл әлеміне бейімдеу мақсатында 8 кластар арасында «Көңілді жайдарман» тапқырлар алаңы ойыны өткізілді. «Қызым саған айтарым бар» тақырыбында 8-10 класс қыз балаларының қатысуымен ҚР құрметті азаматы - 2022, алтын алқа иегері, «Үлгілі отбасы» дипломының иегері Э.Х. Утепбаева мен сырласу кеші өткізілді. 8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «Әйел атты ұлылық» атты мерекелік концерт өткізілді. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулу және рухани жетілуіне әсер ету мақсатында гимназияішілік 7-8,9-10 кластар арасында «Күзгі бал-2022» байқауы ұйымдастырылды, «Бала жылы» аясында 10 кластар арасында «Ескірмейтін әндер: 90-жылдар» атты байқауы өтті. 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күніне орай "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының қабылдау жиыны өткізілді.

Жетістіктер: «Рухани жаңғыру бағдарламасы» аясында жұмыстар жүйелі жүргізілді.

Кемшіліктер: Гимназияішілік үйірмелерге қатысатын оқушылардың қалалық деңгейдегі конкурстарға, сайыс, байқауларға аз қатыстырылды.

6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдени тәрбиесі

Әр оқушының зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін дамыту мақсатындағы жұмыстар жүргізілді. Дебаттық турнирлер мен ойындар арқылы оқушыларды интеллектуалдық және тұлғалық дамыту мақсатында «Кемеңгер»дебат клубы жұмыс жасады. Жоспары және мүшелері бекітіліп, жұмыстар ұйымдастырылды. Нәтижесінде республикалық «Ұлттық пікірсайыс турнирі» сайысында оқушылар жүлделі орындармен марапатталды. Балдаурен РОСО "Дебатерлермен мектеп көшбасшыларының Республикалық слётінде" ұйымдастырылған турнирде жеңімпаз атанды. Бұл бағыт бойынша оқушылардың танымдық белсенділіктерін дамыту мақсатында «XXI ғасыр көшбасшысы» «Жеті қазына» танымдық-интеллектуалдық, зияткерлік ойындары ұйымдастырылды. Оқушылардың тапқырлығы мен алғырлығын сынаған сайыста оқушылар белсенділік танытып, өздерін жоғары деңгейде көрсете білді. «Хобби әлемі» қосымша білім беру ұйымдары ұсынатын топтармен, клубтармен, студиялармен, «Анаға тағзым» орталығымен байланыс жұмыстары тығыз жүргізілді. Сонымен қатар, «Киберқауіпсіздік» тақырыбында танымдық сағаттары, TED форматындағы кездесу өткізілді. Шаралар барысында интернет желілеріндегі алаяқтық жағдайлардың алдын-алу мақсатынла түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 9-11 класс оқушыларына кәсіптік бағдар беру мақсатында «Мамандықтар атласы» тақырыбында кездесу өткізілді.

Жетістіктер: 2022-2023 оқу жылының ерекшелігіне байланысты, гимназияның барлық білім алушылары және ата-аналары интернет желісіндегі барлық білім беру платформаларын қолдана алуды үйренді.

Кемшіліктер: Бұл бағыттағы жұмыстарды түрлендіріп, нәтижеге бағыттап жүргізуді қажет етеді. Сонымен қатар, оқушылардың ақпараттық мәдениетін жоғары деңгейге көтеру жұмыстары жандандыруды талап етеді.

7. Салауатты өмір салты, дене тәрбиесі

Гимназияда қыркүйек айынан бастап 2022-2023 оқу жылында оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында бірнеше спорт секциялар ұйымдастырылды. Секциялардың жұмыс кестесі құрылып, бекітілді. Гимназия бойынша 11 спорттық секциясы және 1 «Жас сарбаз» патриоттық клубы жұмыс жасайды. Волейбол 4 (ұл, қыз), баскетбол 4 (ұл, қыз), футбол 1, шахмат 1, жас сарбаз 1 және тоғызқұмалақ 2.

Спорттық секция жұмыстары кестеге сәйкес жүргізіледі. Барлық жүргізілетін секциялардың жоспары құрылып қыркүйек айында бекітілген. Оқушылар спорттық секцияларға қызығушылықпен келеді

Оқушыларға салауатты өмір салтын сақтаудың қажеттілігін, зиянды заттардың зардаптарын білуге, жат әдеттерден аулақ баулуға мақсатында 2-7 кластар арасында «Балалардың саулығы-туған елдің байлығы» атты фестиваль өткізілді. Айына екі рет гимназия қабырғасында білім алушылар арасында «Тазалық денсаулық кепілі» тақырыбында мектепішілік рейдтер жүргізілді. Әлеуметтік педагог және гимназия медбикелерінің ұйымдастыруымен 1-11 класс оқушыларына арналған «Дұрыс тамақтану-аурудың алдын алу», «Темекіден, насыбайдан аулақ бол», «Газдалған сусындар мен тәттілер әнгімесі» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылар өзіне қажетті акпараттарды алып, өзара ойларын ортаға салды. Қажырлы еңбектің арқасында табысқа жеткен адамдардың тәжірибесін, еңбекқорлық құндылықтарды, ұдайы өзін-өзі жетілдіру идеясын жаю арқылы еңбекке деген сүйіспеншілігін жүзеге асыру мақсатында «Еңбек-елдің мұраты» жобасы аясында «Табиғат тамашалары» іс-шара өткізілді. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында шахмат, баскетбол, волейбол, теннис, тоғызқұмалақ секциялары сенбі күндері жыл бойы жұмыс жасады.

Қазақстан халқы ассамблеясының бастамасымен Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Бақыт. Күн. Достық-балаларға» тақырыбында спорттық флешмоб ұйымдастырылды. 16 наурыз «Денсаулық күніне» орай 5 кластар арасында «Дені саудың-жаны сау» эстафеталық сайыс өтті. Қыз балалармен мектеп медбикелері мен №3 қалалық емхана гинекологтарымен кездесулер тоқсан сайын ұйымдастырылды.

Жетістіктер: «Эко болашақ» республикалық акциясына оқушылар белсенді қатыстырылды. Денсаулықтарын нығайту мақсатындағы спорт үйірмелері жүйелі нәтижеге бағыттала жүргізілді.

Кемшіліктер: Білім алушылардың қадағалау аздығынан өткізілген шараларды белсенділіктерінің төмен болуы.

8.Еңбек,экономикалық және экологиялық тәрбие

Еңбек, экономика және экологиялық тәрбие бағытында міндеті нарықтық экономиканың негізгі заңдары жайлы білімдерін қалыптастыру, жасөспірімдердің өзіне-өзі қызмет көрсету шеберлігін және дағдыларын игере отырып көзделген мақсатқа жетуді, шыдамдылықты қалыптастыру болып табылады. Баланың бойында табиғатқа деген көзқарасын дамытып, дүниетанымын кеңейту мақсатында «Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы аясында «Эко-квест» қалдықтарды бөлек жинау акциясы ұйымдастырылды. Қажырлы еңбектің арқасында табысқа жеткен адамдардың тәжірибесін, еңбекқорлық құндылықтарды, ұдайы өзін-өзі жетілдіру идеясын жаю арқылы еңбекке деген сүйіспеншілігін жүзеге асыру мақсатында «Еңбек-елдің мұраты» жобасы аясында «Тазалықты өзіңнен баста» атты іс-шара өткізілді. Елбасының өмір жолын, Тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы, жеткен жетістіктеріндегі атқарған қызметтерін, жас ұрпақтың бойынан патриоттық сезім ұялатып, әр азаматтың еліміздің дамуында өз үлестерін қосу мақсатында «Балалық шағымның аспаны» атты киновикторинасы өткізілді. «Үнем-қоғам-қуат» жобасы аясында «Эко фест» мақалатура жинау жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың болашақ мамандықтарын дұрыс таңдау мақсатында «Менің болашақ мамандығым» атты Stand up форматындағы шара ұйымдастырылды. Экологиялық мәдениетті, қоршаған ортаны көгалдандыруды дамытуға бағытталған «Жасыл мекен» республикалық челленджі өткізілді, шара ережелеріне сәйкес көшеттер отырғызылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

«Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының тұжырымдамасы аясында 9-10 класс оқушылары Ақтөбе облысының экологиялық департаментінде ашық есік күніне қатысты. Оқушылар мамандармен кездесіп, сұрақтарына жауап алды. Экология департаментінің бас мамандары Ақтөбе қаласының экологиялық жағдайын және шешу жолдары туралы оқушыларды ақпараттандырды.

Жетістіктер: Еңбек, экономика және экология тәрбие бағыты бойынша класс сағаттары өз деңгейлерінде өткізілді.

Кемшіліктер: оқушылардың еңбекке араласу қабілетінің төмендігінің әлі де аздығы байқалады.

Жақсы жақтары:

- Нормативтік-құқықтық құжаттарының жинақталуы;
- Тәрбие құжаттарының жүйелі жүргізілуі;
- Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының нәтижеге бағыттала жүргізілуі;
- Патриоттық бағыттағы жұмыстар, тәрбие бағытындағы жобалар жоғары деңгейде жүргізілді;
- Шаралардың өту барысында бұқаралық ақпараттарға жариялануы;

Әлсіз жақтары:

- Класс жетекшілердің өз тәжірибелерін баспаға ұсыну жұмыстарының аздығы;
- Зияткерлік тәрбие бағытындағы жұмыстар түрлендіріп, нәтижеге бағыттап жүргізуді қажет етеді.
- Кәсіби бағдар беру жұмыстары

Қауіпті жақтары:

- Жылма -жыл діни тәлім-тәрбие беретін отбасында тәрбиеленетін білім алушылардың көбеюі;
- Білім алушылардың кибер мәдениет, кибергигиена талаптарын орындауда сақтық шараларын ұтымды пайдаланбауы.

Ұсыныстар:

- Класс жетекшілердің озық іс-тәжірибесін тарату мақсатында әдістемелік құрал дайындап, баспаға ұсыну.
- Кәсіби бағдар беру жұмыстарын директордың орынбасарлары арасында нәтижеге бағыттап отырып шаралар ұйымдастыру.
- Өткізілген шаралардың үздігін баспаға ұсыну;

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»-дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ✚ Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- ✚ Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- ✚ Жаксылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- ✚ Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- ✚ Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

- ✓ Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
- ✓ Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
- ✓ Өр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
- ✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
- ✓ Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- ✓ Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- ✓ Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- ✓ Елінің тарихын құрметтейді
- ✓ Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- ✓ Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету;
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірімүшесі екенін сезіну;

Күтілетін нәтижесі:

- ✓ Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- ✓ Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- ✓ Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- ✓ Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- ✓ Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- ✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды;
